

Кімге: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне

Автордың аты-жөні лауазымы: Өмірбек Әмина Өмірханқызы. Ұлытау облысының санитариялық – эпидемиологиялық бақылау департаментінің, санитарлық – гигиеналық бақылау және қадағалау бөлімінің бас маманы.

Күні: 10.06.2025

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: Қоғамдық орындарда санитариялық талаптардың сақталуын бақылау.

Кілт сөздер: санитариялық талаптар, гигиена, тазалық, дезинфекция.

Кіріспе

Қоғамдық орындардағы санитариялық талаптардың сақталуы – азаматтардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін маңызды факторлардың бірі. Әсіресе, соңғы жылдары жаһандық пандемия жағдайында санитариялық-гигиеналық нормаларды сақтау мен бақылаудың маңыздылығы күрт артты.

Ұлытау облысы – жаңадан құрылған аймақтардың бірі ретінде санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік саласын дамыту үстінде. Қоғамдық орындардағы санитариялық талаптардың орындалуы тұрғындардың өмір сапасы мен денсаулығын қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады.

I. Қоғамдық орындардағы санитариялық талаптар

Облыстағы қоғамдық нысандар қатарына:

- мектептер,
- балабақшалар,
- медициналық мекемелер,
- сауда үйлері,
- спорт залдары,
- қоғамдық тамақтану орындары жатады.

Бұл нысандарда келесі санитариялық нормалар сақталуы тиіс:

- Үнемі желдету және тазалық жүргізу;
- Қызметкерлердің медициналық тексеруден өтуі;
- Қол жуу, антисептик қолдану, жеке қорғаныс құралдарын пайдалану;
- Арнайы журналдарды жүргізу және талаптарға сәйкес дезинфекциялау.[1]

Кесте 1. 2024 жылы тексерілген кейбір нысандардағы санитариялық талаптардың бұзылу статистикасы: [2]

Нысан түрі	Тексерілген саны	Бұзушылықтар (%)
Мектептер	120	15%
Қоғамдық тамақтану орындары	200	22%
Сауда орталықтары	80	10%
Фитнес-орталықтар	50	18%

II. Бақылаудың қазіргі жағдайы мен мәселелері

Аймақтарда санитариялық талаптардың сақталуына жүргізілетін бақылау жұмыстары әртүрлі деңгейде жүзеге асырылады. Кейбір өңірлерде жақсы нәтиже байқалса, енді бір жерлерде бұзушылықтар жиі кездеседі.

Соңғы жылдары жүргізілген тексерістер көрсеткендей, қоғамдық орындардың біразында санитариялық нормалар дұрыс сақталмайды.

Мысалы:


- Ауылдық жерлерде санитариялық инфрақұрылым әлсіз;
- Кейбір кәсіпкерлер санитариялық талаптарға немқұрайлы қарайды;
- Халық арасында санитариялық мәдениет төмен.

Сонымен қатар, санитариялық қызметтердің материалдық-техникалық жабдықталуы да жеткіліксіз. Бұл өз кезегінде бақылаудың сапасына кері әсерін тигізеді. [3]

III. Ұлытау облысы бойынша 2024 жылғы тексеріс нәтижелері

Кесте 2. 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында облыстық санитариялық бақылау бөлімшесі 140-қа жуық нысанды тексерді. Тексеріс нәтижесі төмендегідей: [4]

Нысан түрі	Тексерілген саны	Бұзушылық (%)
Мектептер	42	12 %
Балабақшалар	28	18 %
Сауда үйлері	30	20 %
Спорт кешендері	15	10 %
Қоғамдық тамақтану орындары	25	24 %



Бұл көрсеткіштер қоғамдық қауіпсіздікке әлі де болса қауіп төндіретінін білдіреді.[5]

IV. COVID-19 кезіндегі тәжірибе

Пандемия кезеңінде санитариялық талаптардың сақталуының маңыздылығы айқын көрінді. Әсіресе, маска тағу, қол жуу, әлеуметтік қашықтық сақтау секілді қарапайым нормалар адамдардың өмірін сақтап қалуға әсер етті. Осы кезеңде енгізілген тәжірибелер алдағы уақытта да жалғасуы тиіс:

- Санитариялық талаптарды автоматтандырылған жүйелер арқылы бақылау;
- Санитарлық тәртіпке баулитын ақпараттық кампанияларды жалғастыру;
- Дезинфекциялау стандарттарын сақтау бойынша бақылауды күшейту. [6]

VI. Ұсыныстар

Осы мәселелерді шешу үшін келесі қадамдарды ұсынуға болады:

1. Ауылдық жерлерде мобильді санитариялық топтар құру;
2. Санитариялық оқу курстарын кәсіпкерлер мен қызметкерлерге міндетті түрде енгізу;
3. Түсіндіру және алдын алу шараларын арттыру;
4. Санитариялық талаптарды бұзғандарға әкімшілік шараларды қатаңдату;
5. Қоғамдық мәдениетті арттыру мақсатында БАҚ және әлеуметтік желілерде тұрақты жұмыс жүргізу.

Қорытынды

Қоғамдық орындардағы санитариялық талаптардың сақталуын бақылау – ел қауіпсіздігінің негізі. Мемлекеттік органдардың тұрақты бақылауы, халықтың санитариялық мәдениетін арттыру және заманауи технологияларды пайдалану арқылы бұл бағытта жоғары нәтижеге қол жеткізуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті. Санитариялық ережелер мен нормалар жинағы (СанЕн) – Астана, 2023.
2. ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі. – 2020 жылғы 7 шілде, № 360-VI.
3. Ұлытау облысы әкімдігінің ресми сайты. 2024 жылғы қоғамдық орындарды санитариялық тексеру туралы есеп. www.ulytau.gov.kz
4. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ). Қоғамдық орындарда COVID-19-ға қарсы санитариялық шараларды сақтау жөніндегі нұсқаулық. – Женева, 2022.
5. Тоқмурзина Ж.М., Сейітжанова А.А. Санитариялық-гигиеналық қауіпсіздік негіздері. – Алматы: Медицина, 2021.
6. ҚР Ұлттық статистика бюросы. 2023 жылғы санитариялық бақылау саласы бойынша статистикалық деректер. stat.gov.kz